

# Зейнетақы жинақтарының төлемдері

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» заңының (бұдан әрі – Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заң) 34-бабына сәйкес БЖЗҚ келесілерді жүзеге асырады:



## 1. зейнетақы жарналарының келесі түрлерін тарту:

**МЗЖ** міндетті зейнетақы жарналары

**МКЗЖ** міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары

**ЕЗЖ** ерікті зейнетақы жарналары



## 2. зейнетақы төлемдері



## 3. зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына аудару

01.11.2022 ж. ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ЖЗШ САНЫ 11 864 551 БІРЛІКТІ ҚҰРАДЫ, ОНЫҢ ІШІНДЕ:

МЗЖ есепке алу үшін

10 923 675

МКЗЖ есепке алу үшін


588 052

ЕЗЖ есепке алу үшін


352 824

# ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАЛАРЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНДЕ  
ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАЛАРЫНЫҢ 3 ТҮРІ БАР:



**МІНДЕТТІ  
ЗЕЙНЕТАҚЫ  
ЖАРНАЛАРЫ** – МЗЖ  
МЗЖ есептеу үшін  
қабылданатын  
қызметкердің ай  
сайынғы табысының  
**10%** мөлшеріндегі  
сома



**МІНДЕТТІ КӘСІПТІК ЗЕЙНЕТАҚЫ  
ЖАРНАЛАРЫ** – жұмыс берушінің өз  
қаражаты есебінен төленетін және  
кәсіптері өндірістердің, жұмыстардың,  
жұмыскерлер кәсіптерінің тізбесінде  
көзделген, еңбек жағдайлары зиянды  
жұмыстарда істейтін қызметкерлердің  
пайдасына БЖЗҚ-ға аударылатын, МКЗЖ  
есептеу үшін қабылданатын қызметкердің  
ай сайынғы табысының **5%** мөлшеріндегі  
сома



**ЕРІКТІ ЗЕЙНЕТАҚЫ  
ЖАРНАЛАРЫ**  
– салымшылар (жеке және  
заңды тұлғалар) өз  
бастамасы бойынша  
зейнетақы төлемдерін  
алушының пайдасына  
енгізетін сома.

*МЗЖ есептеу үшін қабылданатын ай сайынғы табыс республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі жалақының 50 еселенген мөлшерінен аспауы тиіс*



## *Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 31-бабына сәйкес МЗЖ есебінен зейнетақы төлемдеріне құқылы:*

- Заңның 11-бабының 1-тармағына сәйкес зейнет жасына жеткен тұлғалар, оның ішінде:
  - ерлер 63 жасқа толғанда;
  - әйелдер 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап - 60,5 жасқа, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап - 61 жасқа, 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап - 61,5 жасқа, 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап - 62 жасқа, 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап - 62,5 жасқа, 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап - 63 жасқа толғанда
- 45 жасқа толған адамдар, Заңның 59-бабының 1-тармағына сәйкес республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70 пайызынан төмен болмайтын төлемді қамтамасыз ету үшін зейнетақы аннуитеті шартын (бұдан әрі - ЗАШ) жасау үшін зейнетақы жинақтары жеткілікті болған кезде
- егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар
- Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған, кету фактісін растайтын құжаттарды ұсынған, Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұрақты тұру жеріне кеткен шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар



## *Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 32-бабына сәйкес МКЗЖ есебінен зейнетақы төлемдеріне құқылы:*

- Заңның 11-бабының 1-тармағына сәйкес зейнет жасына жеткен тұлғалар, оның ішінде :
  - ерлер 63 жасқа толғанда;
  - - әйелдер 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап - 60,5 жасқа, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап - 61 жасқа, 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап - 61,5 жасқа, 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап - 62 жасқа, 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап - 62,5 жасқа, 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап - 63 жасқа толғанда
- жиынтығында кемінде күнтізбелік 60 ай МКЗЖ төленген, 40 жасқа толған адамдар, республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70 пайызынан төмен болмайтын төлемді қамтамасыз ету үшін зейнетақы жинақтары жеткілікті болған кезде сақтандыру ұйымымен ЗАШ жасау арқылы
- егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар
- Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған, кету фактісін растайтын құжаттарды ұсынған, Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұрақты тұру жеріне кеткен шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар

*Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 33-бабына сәйкес  
ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдеріне құқылы:*



**1** елу жасқа толған адамдар

**2** мүгедектігі бар адамдар

**3** Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған, кету ниетін немесе кету фактісін растайтын құжаттарды ұсынған, Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұрақты тұру жеріне кететін немесе кеткен шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар

**4** БЖЗҚ-да кемінде бес жыл болған ЕЗЖ мен оларға есептелген инвестициялық кіріс сомалары шегінде зейнетақы жинақтары бар адамдар

# БЖЗҚ-ДА ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫ БАР АДАМ ҚАЙТЫС БОЛҒАН ЖАҒДАЙДА ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫНЫҢ ТӨЛЕМДЕРІ

**МЗЖ**

**МКЗЖ**

**ЕЗЖ**

Алушы, сондай-ақ БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар және жалпыға бірдей белгіленген зейнеткерлік жасқа толмаған адам қайтыс болған жағдайда, оның отбасына не жерлеуді жүзеге асырған адамға БЖЗҚ республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 52,4 еселенген мөлшері шегінде, бірақ жеке зейнетақы шотында (ЖЗШ) бар қаражаттан аспайтын мөлшерде жерлеуге арналған біржолғы төлем төлейді.

Егер жерлеуге арналған біржолғы төлем жүзеге асырылғаннан кейін алушының ЖЗШ-дағы зейнетақы жинақтары қалдығының сомасы республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен зейнетақы мөлшерінен аспайтын соманы құраған жағдайда, бұл қалдық жерлеуге арналған төлем ретінде төленеді.


БЖЗҚ-да МЗЖ және (немесе) МКЗЖ және (немесе) ЕЗЖ есебінен зейнетақы жинақтары бар адам қайтыс болған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мұраға қалдырылады



# БЖЗҚ-ДАН КЕСТЕ БОЙЫНША ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІ

Белгіленген кесте бойынша МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдеріне БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар келесі тұлғалардың құқығы бар:


1. ерлер - 63 жасқа толғанда, әйелдер – 60,5 жасқа толғанда (2022 жылы)



2. егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар



өтінішпен және құжаттар топтамасымен жүгінеді



БЖЗҚ кесте бойынша төлемдерді өтініште көрсетілген алушының банк шотына төлейді



Жалпыға бірдей белгіленген зейнеткерлік жасқа жеткен адамдар **11.10.2018 ж.** бастап өтінішпен және құжаттар топтамасымен жүгінеді

БЖЗҚ-дан алынған зейнетақы төлемдерінің сомалары МК белгілеген зейнетақы төлемдерінің кестесіне сәйкес алушылардың банк шоттарына аударылады

«Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ-ға (МК)

қабылданған өтініштер туралы мәліметтер беру

МК белгілеген зейнетақы төлемдерінің кестесіне сәйкес зейнетақы төлемдерінің сомаларын МК-ға аудару

«БЖЗҚ» АҚ-ға



Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 қазандағы №1042 қаулысымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында біржолғы зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру, оларды бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына қайтару қағидаларына сәйкес:

**Зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру үшін келесі параметрлер қолданылады:**

1) зейнетақы жинақтары төлемдерінің мөлшерлемесі – 6,5%;

2) зейнетақы төлемдерін индекстеу мөлшерлемесі - 5%;

3) зейнетақы жинақтары төлемдерінің мөлшерлемесіне түзету коэффициенттері.

✓ **Зейнетақы төлемдерін жүзеге асырудың бірінші жылындағы зейнетақы төлемдерінің жылдық сомасы** зейнетақы жинақтары сомасының зейнетақы жинақтарының төлем мөлшерлемесіне – 6,5 %-ға көбейтіндісі ретінде есептеледі

✓ Әдістемеге\* сәйкес есептелген ай **сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшері** зейнетақы төлемдерінің жылдық сомасының он екіден бір бөлігі ретінде айқындалады

✓ **Ай сайынғы зейнетақы төлемінің есептелген мөлшері** республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70 пайызынан кем болмайтын мөлшерде төленеді

✓ **Зейнетақы төлемдері жүзеге асырылған кейінгі жылдары ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшері** өткен жыл үшін ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшерін зейнетақы төлемдерін индекстеу мөлшерлемесіне – 5%-ға ұлғайту жолымен айқындалады

***Зейнеткерлік жасқа толған, мүгедектігі немесе МКЗЖ жоқ адамға мысал келтірейік:***

*ЗЖ сомасы = 6 000 000 теңге*

*Бірінші жылы зейнетақы төлемдерінің жылдық сомасы:  $6\,000\,000 \cdot 6,5\% = 390\,000$  теңге;*

*Бірінші жылы ай сайынғы зейнетақы төлемдерінің мөлшері:  $390\,000 / 12 \text{ ай} = 32\,500$  теңге;*

*Екінші жылы ай сайынғы зейнетақы төлемдерінің мөлшері:  $32\,500 + 32\,500 \cdot 5\% = 34\,125$  теңге.*

Зейнетақы төлемдерін жүзеге асырудың бірінші жылындағы зейнетақы төлемдерінің жылдық сомасы Әдістеменің қосымшасында көрсетілген **түзету коэффициентіне** көбейтіледі, **егер жеке тұлға келесі шарттардың біріне сай келген жағдайда:**

- ✓ мерзімсіз белгіленген бірінші топтағы мүгедектігі бар;
  - ✓ мерзімсіз белгіленген екінші топтағы мүгедектігі бар;
  - ✓ Заңның 11-бабының 1-тармағына сәйкес зейнет жасына толуы (**ерлер – 63 жасқа толғанда, әйелдер – 2022 жылы 60,5 жасқа толғанда**) және жиынтығында алпыс айдан кем болмайтын, МКЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинағының болуы.
- Жоғарыда көрсетілген шарттардың біреуінен асатын шарттарына сай келетін тұлғалар үшін ең жоғары мәні бар түзету коэффициенті қолданылады.**

### **Мысал келтірейік:**

*Жеке тұлғаның мүгедектігі бар*

*ЗЖ сомасы = 6 000 000 теңге*

*Бірінші жылы зейнетақы төлемдерінің жылдық сомасы:  $6\,000\,000 * 6,5\% = 390\,000 * 1,69 = 659\,100$  теңге, мұнда 1,69 - 63 жастағы алушы үшін түзету коэффициенті.*

*Бірінші жылы ай сайынғы зейнетақы төлемдерінің мөлшері:  $659\,100 / 12 = 54\,925$  теңге;*

*Екінші жылы ай сайынғы зейнетақы төлемдерінің мөлшері:  $54\,925 * 105\% = 57\,671,25$  теңге.*

- ✓ **Өтініш берілген күнге зейнетақы жинақтарының сомасы** республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген **ең төменгі зейнетақының 12 еселенген мөлшерінен аспаған жағдайда**, БЖЗҚ-дан аталған сома алушыға бір жолғымен төленеді
- ✓ **Егер кезекті зейнетақы төлемі жүзеге асырылғаннан кейін жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтарының қалдығы** республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген **ең төмен күнкөріс деңгейінің 70 пайызынан аз соманы құраған жағдайда**, бұл қалдық кезекті төлем сомасымен бірге төленеді

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ШЕГІНЕН ТЫС ТҰРАҚТЫ ТҰРУ ЖЕРІНЕ КЕТУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ БЖЗҚ-ДАН ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІ



- ✓ Төлемге құжаттарды алу кезінде БЖЗҚ Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының ақпараттық жүйелерінен («Жеке тұлғалар» Мемлекеттік дерекқоры, бұдан әрі – ЖТ МДҚ) өтініш жасаған шетелдікте немесе азаматтығы жоқ адамда Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің не шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхатының не азаматтығы жоқ адамның куәлігінің бар-жоғы және оның жарамдылығы туралы мәліметтерді сұратады.
- ✓ Өтініш берген шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасынан тыс тұрақты тұру жеріне (бұдан әрі - ТТЖ) кетуіне не шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсатының күшінің жойылуына байланысты Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің не шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхатының не азаматтығы жоқ адамның куәлігінің жарамсыздығы туралы мәліметтер алынған жағдайда, **БЖЗҚ зейнетақы төлемін БЖЗҚ-ға құжаттар қабылданған не келіп түскен күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.**



**БЖЗҚ келесі жағдайларда өтінішті қабылдаудан және орындаудан бас тартады:**

- ✓ өтініш берген шетелдіктің **Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтуына байланысты** Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің жарамсыздығы туралы мәліметтер алынған жағдайларда.
- ✓ Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің не шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхатының не азаматтығы жоқ адамның куәлігінің **бар екендігі және жарамдылығы** туралы мәліметтер алынған, сондай-ақ өтініш жасаған шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасынан тыс ТТЖ-ға кеткені туралы мәліметтер болмаған не шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсатының күші жойылған жағдайларда

*Қазақстан Республикасының «Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы» заңына сәйкес шетелдік паспорт шетелдіктің жеке басын куәландыратын құжат болып табылады. Демек, егер сенім білдірілген тұлға шетелдік азамат болса, онда БЖЗҚ-ға шетелдік паспортты ұсыну қажет*

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ШЕГІНЕН ТЫС ТҰРАҚТЫ ТҰРУ ЖЕРІНЕ КЕТУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ БЖЗҚ-ДАН ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІ

БЖЗҚ

Төлемге құжаттарды алу кезінде БЖЗҚ Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының ақпараттық жүйелерінен («Жеке тұлғалар» Мемлекеттік дерекқоры, бұдан әрі – ЖТ МДҚ) өтініш жасаған шетелдікте немесе азаматтығы жоқ адамда Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің не шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхатының не азаматтығы жоқ адамның куәлігінің бар-жоғы және оның жарамдылығы туралы мәліметтерді сұратады.

ЖТ МДҚ

Қазақстан Республикасының жеке куәлігі

шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты

азаматтығы жоқ адамның куәлігі

Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсатының күші жойылған

Қазақстан Республикасы шегінен тыс ТТЖ-ға кетумен байланысты жарамсыз

зейнетақы төлемін БЖЗҚ-ға құжаттар қабылданған не келіп түскен күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде жүзеге асырады

БЖЗҚ

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ШЕГІНЕН ТЫС ТҰРАҚТЫ ТҰРУ ЖЕРІНЕ КЕТУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ БЖЗҚ-ДАН ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІ

ЖТ МДҚ-да құжаттың мәртебесі:

Қазақстан Республикасының жеке куәлігі

шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты

азаматтығы жоқ адамның куәлігі

Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтуына байланысты жарамсыз

жарамды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының шегінен тыс ТТЖ-ға кеткені туралы мәліметтер жоқ

БЖЗҚ

Алушы өтініш берген күні өтінішті қабылдаудан не болмаса БЖЗҚ-ға құжаттар қабылданған не келіп түскен күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде өтінішті орындаудан бас тартады

# БЖЗҚ-ДАН ЕЗЖ ЕСЕБІНЕН ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІ

**50 жасқа** толған адамдар



мүгедектігі бар адамдар



**БЖЗҚ-да кемінде бес жыл болған** ЕЗЖ мен оларға есептелген инвестициялық кіріс сомалары шегінде зейнетақы жинақтары бар адамдар

тікелей БЖЗҚ кеңсесіне жеке өзі жүгінген кезде



сенім білдірілген тұлға/заңды өкіл (қорғаншы /қамқоршы) арқылы жүгінген кезде



## Өтініш беру тәсілдері

пошталық байланыс арқылы жүгінген кезде



ЭЦҚ қолдана отырып, БЖЗҚ-ның [enpf.kz](http://enpf.kz) интернет-ресурсы арқылы жүгінген кезде



### Зейнетақы төлемдері:

- 1) алушы өтініште айқындаған кезеңділікпен жүзеге асырылады;
- 2) бір рет толық көлемде не тіркелген сома түрінде не ай сайын немесе жыл сайын жүзеге асырылады.

Алушы БЖЗҚ-дан төленетін зейнетақы төлемдерінің кезеңділігі мен мөлшерін өзгертуге құқылы. Зейнетақы төлемдері өтініш берілген күннен бастап және зейнетақы жинақтары таусылғанға дейін жүзеге асырылады.

# БЖЗҚ-ДАН ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БОЙЫНША НЕГІЗГІ СӘТТЕР



## ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫНЫҢ ТӨЛЕМ КЕЗЕҢДІЛІГІ ЖӘНЕ ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МЕРЗІМДЕРІ

1



КЕСТЕ БОЙЫНША ТӨЛЕМДЕР

2018 ж. 1 қаңтардан бастап МЗЖ және МКЗЖ есебінен зейнетақы төлемдері БЖЗҚ-дан белгіленген кесте бойынша (01.01.2018 жылдан кейін зейнетақы төлемдерін тағайындауға жүгінген алушылар үшін), **зейнетақы жинақтарының сомасы алушының өтініш берген күні біржолғымен төленетін ең төменгі зейнетақының он екі еселенген мөлшерінен аспайтын жағдайларды қоспағанда, АЙ САЙЫН** төленеді

*жалпыға бірдей белгіленген зейнет жасына толған адамдарға зейнетақы төлемдері Мемлекеттік корпорация белгілеген зейнетақы төлемдері кестесіне сәйкес, бірақ БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алу құқығы туындаған күннен ерте болмайтын мерзімде жүзеге асырылады*

10

ЖҰМЫС  
КҮНІ

**егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші немесе екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдарға зейнетақы төлемдері БЖЗҚ-ға құжаттар қабылданған не келіп түскен күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде белгіленген кесте бойынша жүзеге асырылады**

2



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ШЕГІНЕН ТЫС ТҰРАҚТЫ ТҰРУ  
ЖЕРІНЕ КЕТУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ  
ЖӘНЕ МҰРАГЕРЛЕРГЕ  
ТӨЛЕНЕТІН ТӨЛЕМДЕР

БІРЖОЛҒЫ

10

ЖҰМЫС  
КҮНІ

БЖЗҚ-ҒА  
ҚҰЖАТТАР  
ҚАБЫЛДАНҒАН  
НЕ КЕЛІП  
ТҮСКЕН  
КҮННЕН  
БАСТАП

3



ЖЕРЛЕУГЕ АРНАЛҒАН  
ТӨЛЕМДЕР

БІРЖОЛҒЫ

5

ЖҰМЫС  
КҮНІ

БЖЗҚ-ҒА  
ҚҰЖАТТАР  
ҚАБЫЛДАНҒАН  
КҮННЕН  
БАСТАП

БЖЗҚ зейнетақы төлемдерін алушының не зейнетақы жинақтары бар, қайтыс болған адамның отбасы мүшесінің не жерлеуді жүзеге асырған адамның банк шотына аударады, оның деректемелері зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініште көрсетіледі. Бұл ретте зейнетақы төлемдерін БЖЗҚ:

1. Қазақстан Республикасының аумағында екінші деңгейдегі банктерге (бұдан әрі – ЕДБ) немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға тек қана Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында (KZT) жүргізеді;
2. шетелдік банктерге төлемдерді келесі валюта түрлері бойынша: АҚШ долларында (USD), еуро (EURO), фунт стерлингте (GBP), ресей рублінде (RUB) жүргізеді.

Конвертациялау және алушылардың шетелдік банктерде ашылған банк шоттарына аудару жөніндегі қызметтерді қоспағанда, зейнетақы жинақтарын аударумен, есепке жатқызумен және төлеумен байланысты банк қызметтеріне ақы төлеу, сондай-ақ біржолғы зейнетақы төлемдерін аударумен байланысты банк қызметтеріне ақы төлеу БЖЗҚ-ның меншікті қаражаты есебінен жүзеге асырылады

# ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫН САҚТАНДЫРУ ҰЙЫМЫНА АУДАРУҒА ҚҰҚЫҒЫ БАР ТҰЛҒАЛАР

Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 59-бабына сәйкес республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болған ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70 пайызынан төмен болмайтын төлемді қамтамасыз ету үшін зейнетақы аннуитеті шартын (ЗАШ) жасауға зейнетақы жинақтары жеткілікті болған кезде зейнетақы жинақтарын БЖЗҚ-дан сақтандыру ұйымына (СҰ) аударуға құқығы бар тұлғалар:



зейнет жасына толған тұлғалар:

- ерлер 63 жасқа толғанда;

- әйелдер 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 60,5 жасқа толғанда (2023 жылғы 1 қаңтардан бастап - 61 жас; 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап - 61,5 жас; 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап - 62 жас; 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап - 62,5 жас; 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап - 63 жас)

егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар тұлғалар

45 жасқа толған адамдар

жиынтығы кемінде 60 күнтізбелік ай МКЗЖ төленген, 40 жасқа толған адамдар

**!** ЗАШ жасау үшін МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен құралған зейнетақы жинақтары жеткіліксіз болған жағдайда, ЕЗЖ есебінен құралған зейнетақы жинақтарын пайдалануға болады




## НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 62-бабының 1-тармағына сай БЖЗҚ уәкілетті органның [нормативтік құқықтық актісімен](#) белгіленген талаптарға сәйкес келетін құжаттарды алған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде алушының зейнетақы жинақтарын СҰ-ға аударуға міндетті.

Бұл ретте Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 60-бабының 13-тармағына сәйкес ЗАШ бойынша сақтандыру төлемдері **ай сайын** жүзеге асырылады

**СҰ бірінші ай сайынғы сақтандыру төлемін** сақтандыру сыйлықақысының сомасы ЗАШ бойынша СҰ-ға аударылған сәттен бастап **10** жұмыс күнінен кешіктірмей, **бірақ сақтанушының төмендегі жас мөлшерінен ерте болмайтын мерзімде жүзеге асырады:**





## 12.09.2022 Ж. БАСТАП КҮШІНЕ ЕНГЕН, ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫН САҚТАНДЫРУ ҰЙЫМЫНА АУДАРУ БӨЛІГІНДЕ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЗАҢНАМАСЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 12 шілдедегі № 138-VII «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру нарығын және бағалы қағаздар нарығын, банк қызметін реттеу мен дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңымен **Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңға** 12.09.2022 ж. бастап қолданысқа енгізілген өзгерістер мен толықтырулар бекітілді:



екі сақтанушының ЗАШ (**бірлескен аннуитет шарты**) жасау және зейнетақы жинақтарын СҰ-ға аудару тәртібі бөлігінде

### **Зейнетақымен қамсыздандыру туралы Заңның 60-бабының 3-тармағына сәйкес:**

ЗАШ тарапы "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес ерлі-зайыптылар немесе жақын туыстар болып табылатын және бір мезгілде сақтандырылған екі сақтанушы (сақтандырылушы) бола алады

**Бірлескен аннуитеттің мақсаты** - сақтандыру ұйымдарынан өмір бойы сақтандыру төлемдерін қамтамасыз ету арқылы зейнетақы аннуитетінің қолжетімділігін қамтамасыз ету, оның ішінде әйелдердің төмен зейнетақыларының гендерлік проблемасын ішінара шешу

**Мысалы, егер бір жұбайында зейнетақы аннуитетін сатып алу үшін зейнетақы жинақтары жеткіліксіз болса, ал екіншісінде артық болған жағдайда, ерлі-зайыптылар бұл мүмкіндікті пайдалана алады. Онда бірлескен зейнетақы аннуитеті арқылы ерлі-зайыптылардың екеуі де өмір бойы төлемдерді қамтамасыз етеді**

\* СҰ-нан ай сайынғы сақтандыру төлемінің мөлшері ЗАШ жасалған күні қолданыста болған ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70 пайызынан (екі тұлға ЗАШ жасаған жағдайда күнкөріс деңгейінің 1,4 еселенген мөлшері) төмен болмауы тиіс.

Ерлі-зайыптылардың бірі қайтыс болған жағдайда, екіншісі зейнетақы аннуитетінің бірлескен шартына сәйкес кесте бойынша өзінің жеке сақтандыру төлемдерін алуды жалғастырады



## 12.09.2022 Ж. БАСТАП КҮШІНЕ ЕНГЕН, ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫН САҚТАНДЫРУ ҰЙЫМЫНА АУДАРУ БӨЛІГІНДЕ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЗАҢНАМАСЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР



12.09.2022 жылдан бастап күшіне енген, қолданысы 12.09.2022 жылға дейін жасалған ЗАШ-нан туындаған құқықтық қатынастарға да қолданылатын өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес:

**ЗАШ-ын** жасасқан тұлғалар оны жасасқан күннен бастап екі жылдан кейін сақтандыру төлемдерінің мөлшерін азайту бөлігінде шарттың талаптарын өзгерту және БЖЗҚ-на ақшаны қайтару туралы өтінішпен СҰ-на жүгінуге құқылы



БЖЗҚ-ға қайтарылуы тиіс ақша сомасы ЗАШ өзгерістер енгізілген күні ЗАШ бойынша сатып алу сомасы мен ЗАШ өзгерістер енгізілген күні Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 59-бабының 2-тармағында айқындалған төлем мөлшеріне қарай есептелген сақтандыру сыйлықақысы сомасының арасындағы айырмаға тең.

**!** Сатып алу сомасын БЖЗҚ-ға ЗАШ-ы бойынша аудару тәртібі 08.11.2022 жылдан бастап қолданысқа енгізілген № 73 \* қаулының ережелерімен айқындалған



өтінішті және № 73 қаулыда көзделген құжаттарды өтініш беруші СҰ-на ұсынады



БЖЗҚ-на қайтарылуға жататын соманы есептеу және оның бар-жоғын тексеру зейнетақымен қамсыздандыру туралы Заңның ережелерін ескере отырып СҰ-мен жүзеге асырылады



СҰ сақтанушыдан өтініш алған сәттен бастап күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде қайтарылуға жататын ақша сомасын БЖЗҚ-на аударуға міндетті



БЖЗҚ қайтарылуға жататын ақша сомасынан СҰ-нан алынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде оларды салымшының ЖЗШ-на есепке алуды жүзеге асырады

Салымшының ЖЗШ-на СҰ-нан қайтарылған ақша сомасы есепке алынғаннан кейін салымшылар (алушылар) өздерінің зейнетақы жинақтарына билік ете алады, оның ішінде зейнетақы жинақтарының бір бөлігін инвестициялық портфельді басқарушыға сенімгерлік басқаруға бере алады не оларды тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында өз пайдасына немесе жұбайына (зайыбына) немесе жақын туыстарына пайдалана алады

\* Сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасасу және зейнетақы жинақтарын (сатып алу сомасын) зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру ұйымына, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2022 жылғы 20 қазандағы № 73 Қаулысы



[www.enpf.kz](http://www.enpf.kz)



[enpf@enpf.kz](mailto:enpf@enpf.kz)



1418



Назарларыңызға рақмет!

